

## **«BeeSafe - Beeline абоненттері үшін телефондарды іздеу және қайтару» ҚЫЗМЕТІН ҰСЫНУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ**

### **1. Терминдер**

**1.1. Абонент** – Қызмет көрсету туралы жасалған Шарт негізінде Тапсырыс берушінің қызметтерін пайдаланатын жеке тұлға.

**1.2. Пайдаланушының сауалнамасы** – Пайдаланушы [beesafe.beeline.kz](https://beesafe.beeline.kz) интернет-сайтындағы Пайдаланушының Жеке кабинетінде көрсеткен Қызметті пайдаланушының деректерін қамтитын электронды нысан.

**1.3. Пайдаланушының жеке кабинеті** – [beesafe.beeline.kz](https://beesafe.beeline.kz) интернет-сайтында қол жетімді болатын Пайдаланушының сауалнамасын, Пайдаланушының қосылған құрылғылары туралы ақпаратты және оларды басқаруға арналған функцияларды қамтитын Пайдаланушының есептік жазбасы.

**1.4. Оператор, Beeline** — «КаР-Тел» ЖШС» орналасқан мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Алматы ауданы, Қадырғали Жалайыри к-сі, 2-үй.

**1.5. Пайдаланушы** – Қызметті қосқан абонент.

**1.6. Провайдер** – «РАДАРМИ» ЖШС, мекенжайы: Қазақстан, Алматы қ., Қазыбек би к-сі, 117/86, 305-офис, Қызметтерді жүзеге асыру шеңберінде зияткерлік меншік нысандарына авторлық және аралас құқық иегерлері болып табылатын Оператордың әріптесі.

**1.7. Келісім** – Қызметті ұсыну туралы келісім. Бұл Келісім жария шарт болып табылады және Қызметтерді ұсыну мен алу шеңберінде әрекет етеді. Келісімнің мәтіні [beesafe.beeline.kz](https://beesafe.beeline.kz) интернет-сайтына орналастырылған.

**1.8. Аумақ** – бүкіл әлем.

**1.9. «BeeSafe - Beeline абоненттері үшін телефондарды іздеу және қайтару» қызметі (бұдан әрі-Қызмет)** – Оператор Абоненттер үшін бекітілген тарифтерге сәйкес Абонентке ақылы негізде ұсынатын қызмет, бұл қызмет Құрылғыны қашықтан бұғаттау, Құрылғының геолокациясын анықтау, Құрылғының көмегімен фото қармау мүмкіндігін, сонымен қатар Провайдердің сәйкес Аумақта жоғалған және үшінші тұлға тауып алған Пайдаланушының Құрылғысын үшінші (тауып алған) адам байланысқан жағдайда 24/7/365 пішімінде қайтару мүмкіндігін қамтамасыз етуді көздейді.

**1.10. Құрылғы** – Пайдаланушының мобильді құрылғысы (телефоны/смартфоны/планшеті).

### **2. Келісімді жасау және оның әрекет ету мерзімі**

2.1. Абонент 1) «BeeSafe - Beeline абоненттері үшін телефондарды іздеу және қайтару» мобильді қосымшасындағы (бұдан әрі-Мобильді қосымша) сәйкес батырмаға немесе [beesafe.beeline.kz](https://beesafe.beeline.kz) сайтындағы «Қосу» сілтемесіне басу арқылы SMS немесе USSD-сұратуды жіберген болса немесе (2) Қызметті пайдалана бастаған болса, келісім жасалған болып есептеледі.

2.2. Бұл Келісім Қызмет көрсетіле бастаған сәттен бастап Пайдаланушы қолданудан бас тартқанға дейін әрекет етеді. Пайдаланушы Қызметтің әрекет етуін тоқтатқанға дейін (осы Келісімде анық рұқсат етілген жағдайларды қоспағанда) Пайдаланушының жүргізген барлық төлемдері, сонымен қатар Пайдаланушы Қызметтің әрекет етуін тоқтататын кезең ішіндегі кез келген аванстық төлемдер қайтарылмайды.

### **3. Қызметті қосу/өшіру тәртібі**

3.1. Абонент өз тапсырысын растайтын келесі іс-әрекеттердің бірін өз бетімен жасау арқылы, яғни:

- тарифтелмеген технологиялық USSD-сұратуын \*204\*1# немесе \*204\*2# жіберу арқылы
- 204 нөміріне 1 немесе 2 мәтінімен тарифтелмеген технологиялық SMS-жөнелтілімді жіберу арқылы;
- Мобильді қосымшадағы немесе [beesafe.beeline.kz](http://beesafe.beeline.kz) сайтындағы «Қосу» батырмасын басу арқылы Қызметті қосады;

Таңдап алған Қызмет бір күнге қосылып, күнделікті автоматты түрде ұзартылып отырады.

3.2 Абоненттің осы Келісімнің 3.1. т. көрсетілген іс-әрекеттерді орындауы Абоненттің осы Келісімге сәйкес Қызметті қосуға, Оператор қызметтерді көрсету үшін тартатын үшінші тұлғаларға Абонентті сәйкестендіретін деректерді табыстауға (атап айтқанда, Абоненттің мобильді телефон нөмірлері), сонымен қатар Абонентке Қызметтің мазмұны, құны, Қызметтерді ұсынудан бас тарту тәртібі туралы ескертетін технологиялық тарифтелмейтін SMS-хабарламаларды алуға келісімін білдіреді.

3.3 Пайдаланушы бас тартатынын растайтын келесі іс-әрекеттердің бірін жасау арқылы, яғни:

- тарифтелмеген технологиялық USSD-сұратуын \*204\*0# жіберу арқылы;
- 204 нөміріне STOP сөзі бар тарифтелмеген технологиялық SMS-хабарламаны жіберу арқылы Қызметті өз бетімен өшіре алады;

3.4 Пайдаланушы сәйкес сұратуды жібергеннен кейін 20 минуттың ішінде Қызмет өшіріледі.

### **4. Қызметтерді көрсету талаптары**

4.1. Қызмет шеңберінде Пайдаланушыға төмендегілер ұсынылады:

- Пайдаланушы өзінің Жеке кабинетіне өз бетімен жүктеп, Құрылғыны бұғаттау экранына суретін орналастыратын арнайы e-Sticker.
- Android операциялық жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін Құрылғыға арналған арнайы мобильді қосымша, оны Пайдаланушы Қызметті қосатын кезде алатын немесе тікелей Google Play сервисінен алатын SMS-хабарламада көрсетілген сілтеме бойынша өз бетімен жүктеуі тиіс.

4.2. Пайдаланушы Құрылғыны жоғалтып алған жағдайда ол 8 800 070 90 89 телефоны арқылы Қолдау көрсету қызметіне хабарласу арқылы бұл туралы Провайдерге бірден хабарлауға міндетті (сервис Пайдаланушы үшін жұмыс және демалыс күндері тәулігіне 24 сағат қол жетімді болады, Оператордың желісіндегі қоңыраулар тегін).

4.3. Android операциялық жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін, арнайы Мобильді қосымша орнатылған Құрылғы жоғалған жағдайда Пайдаланушы өзінің Жеке кабинетінен жоғалған Құрылғыны бұғаттауға сұрату жібере алады немесе 8 800 0709089 нөмірі бойынша тәулік бойғы Қолдау көрсету қызметіне өтініш білдіріп, Құрылғыны бұғаттай алады. Құрылғыны бұғаттау келесі әдістермен жүзеге асырылады:

- Интернет-арнаның көмегімен (құрылғы мобильді интернетке немесе Wi-Fi желісіне қосылған жағдайда)
- sms-арна (құрылғының теңшеулерінде іске қосылып тұрған sms-коммуникация болған жағдайда). Пайдаланушының Жеке кабинетінде Пайдаланушы Құрылғының орналасқан жерін қарай алады (геодеректерге кіру мүмкіндігі қосылып тұрған кезде) және Құрылғыдан фотоқармауды жүзеге асыра алады. Пайдаланушы бақылау сұрағына жауап бергеннен кейін (Пайдаланушы бақылау сұрағын Жеке кабинетке алғаш кіретін кезде

белгілейді) Қолдау көрсету қызметі Провайдерге Құрылғының орналасқан жерін анықтау және Құрылғыдан фотоқармауды жүзеге асыру сұратуын да жібере алады. Құрылғының орналасқан жерін анықтау сұратуы Интернет-арнаның (құрылғыны мобильді интернетке немесе Wi-Fi желісіне қосқан жағдайда) немесе sms-арнаның көмегімен жүзеге асырылады (құрылғының теңшеулерінде іске қосылып тұрған sms-коммуникация болған жағдайда).

Геолокация технологиясы серіктерді, ұялы байланыс мұнараларын және WI-FI-ды пайдалана отырып, GPS координаталары бойынша бірнеше метрге дейінгі дәлділікпен әлемнің кез келген түпкірінен телефонның орналасқан жерін анықтауға мүмкіндік береді. Мобильді құрылғыға орналасқан жерін анықтау функциясы қосылмаған болса және Интернет желісіне кіру мүмкін болмаған жағдайда картадағы GPS координаталары болжамды болады.

Пайдаланушының жеке кабинетінен сәйкес команданы жіберу арқылы фотоқармауды құрылғының маңдайалды және/немесе негізгі камерасынан жүзеге асыруға болады. Бұл ретте құрылғының фотосуреттері фотоқармауды жүзеге асыру сұратуын жіберу әдісіне тәуелсіз Пайдаланушының жеке кабинетінде ғана сақталады.

Фотоқармау сұратуды жіберген сәттен бастап бірнеше минуттың ішінде жүзеге асырылады (құрылғы Интернет желісіне қосылған кезде ғана).

4.4. E-Sticker және/немесе арнайы Мобильді қосымша орнатылған Құрылғы табылған жағдайда немесе тауып алған адам оны Провайдерге табыстаған жағдайда Провайдер Пайдаланушыға бұл туралы хабарлап, қолдау көрсету қызметінің операторымен сөйлесу кезінде Пайдаланушы көрсеткен мекенжай бойынша табылған Құрылғыны курьерлік жеткізу қызметі арқылы жолдап, тауып алған адам Құрылғыны қайтарған сәттен бастап 7 (жеті) күн ішінде табыстауға міндетті.

Құрылғыны Пайдаланушыға қайтаруды жүзеге асыру үшін Пайдаланушы:

- Пайдаланушының Сауалнамасында Құрылғы туралы шынайы және толық ақпаратты көрсетуге, сонымен қатар дұрыс және дәл жеке ақпаратты ұсынуға (оның ішінде Пайданушының мобильді телефон нөмірі және мекенжайы);

- Құрылғыға арнайы Мобильді қосымшаны және/немесе арнайы e-Sticker-ді орнатуға;

- Пайдаланушының Сауалнамасында көрсетілген деректер өзгерген жағдайда Пайдаланушының Жеке кабинеті арқылы сәйкес өзгерістерді енгізе отырып, бұл туралы Провайдерді дер кезінде ақпараттандыруға міндетті.

4.5. Пайдаланушы Пайдаланушының Сауалнамасында Құрылғыға қатысты деректерді және/немесе байланыс деректерін көрсетпеген жағдайда (толық мекенжайы, байланысқа арналған және қосымша телефон нөмірі, электронды мекенжайы) немесе деректерді дұрыс енгізбеген жағдайда немесе Пайдаланушы осы деректердің өзгергені туралы хабарламаған жағдайда немесе Құрылғыға арнайы Мобильді қосымшаны/арнайы e-Sticker-ді орнатпаған жағдайда Провайдер мен Оператор Келісім талаптарын орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкершілік арқаламайды.

4.6. Осы Келісімнің 4.4.т. көрсетілген жағдайда Провайдер Пайдаланушының Құрылғысын тауып, қайтарған адамға сыйақы төлейді.

4.7. Пайдаланушы Қызметті пайдаланған 1 (бір) жылдың ішінде Құрылғы Пайдаланушыға ең көбі 2 (екі) рет қайтарылады, бұл ретте 6 (алты) айдың ішінде Пайдаланушыға Құрылғыны 1 (бір) қайтаруға жол беріледі, бірақ Пайдаланушы есептелетін 6 (алты) айдың ішінде ең көбі 10 (он) күнтізбелік күн бұғаттауда болуы тиіс.

4.8. Провайдер екінші рет қайтару жағдайынан кейін (немесе Қызметті пайдаланған алты айдың ішінде екінші рет қайтарған жағдайда) Пайдаланушының Құрылғысын тауып

алған адамнан оның табылғаны туралы ақпарат алған соң Провайдер Пайдаланушының келісімімен Пайдаланушы мен тауып алған адамның арасында байланыс деректерімен алмасуды жүзеге асырады. Бұл жағдайда Провайдер тауып алған адамға сыйақы төлемейді, сонымен қатар Құрылғыны курьерлік/пошталық жеткізу ақысын да төлемейді.

4.9.« РАДАРМИ» тауып алған адамға мобильді құрылғыны қайтарғаны үшін 5 000 теңге мөлшерінде сыйақы ұсынады.

4.10. «Премиум» пакетін пайдаланушының мобильді телефоны 14 күннің ішінде табылмайтын болса ол 15 000 теңге мөлшерінде ақшалай сыйақы алуы мүмкін, бірақ оның телефонына Контент-қызмет орнатылуы тиіс және тегін кезең аяқталғаннан кейін 30 және одан да көп сәтті есептен шығарулар Қызметке қосылған, мобильді құрылғыға иелік ететіні туралы құқық белгілеуші құжаттары (корабының суреті/кепілдік талонының немесе чектің скан-көшірмелері) болуы тиіс. Талаптарды орындамаған жағдайда «РАДАРМИ» ақшалай өтемақыны төлеуден бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

Контент-қызметті тегін пайдалану кезеңі үшін өтемақы қарастырылмаған.

4.11. Құрылғы Қызметті тесттік тегін пайдалану кезеңі ішінде жоғалған болса және жоғалғаны туралы хабарлама келіп түскен, сонымен қатар Құрылғыны тауып алған адам хабарласқан болса, Қызметті Пайдаланушыға жоғалған Құрылғыны қайтару сервисі ұсынылады. Қызметті тесттік тегін пайдалану кезеңі ішінде Құрылғыны тауып алған адамға сыйақы төленеді.

## **5. Дербес деректерді қорғау**

5.1. Провайдер мен Оператор Пайдаланушының дербес деректерін осы Келісімді орындау мақсатында ғана қолданады. Пайдаланушы осы Келісім бойынша міндеттемелерін орындау мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында деректерді ерікті түрде ұсынады.

5.2. Пайдаланушы Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңында (бұдан әрі-Заң) белгіленген тәртіппен және талаптар бойынша Провайдердің/Оператордың өз дербес деректерін өңдеуіне, сонымен қатар Пайдаланушыдан және/немесе үшінші тұлғалардан алуына өз келісімін береді. Пайдаланушы Провайдерге/Операторға Заңда көзделген және/немесе Провайдердің/Оператордың қарауына орай таңдалған кез келген әдіспен өз дербес деректерін өңдеу құқығын береді.

5.3. Пайдаланушы өзіне жоғалған Құрылғыны қайтаруға көмектесу үшін қатысуға тиісті үшінші тұлғаларға (оның ішінде курьерлік/пошталық жеткізу қызметіне) өз дербес деректерін табыстауға келісім береді. Провайдер мен Оператор Пайдаланушының дербес деректерін үшінші тұлғаларға олардың осы Келісім бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындауға ғана қажетті көлемде табыстайды.

5.4. Оператор мен Провайдер Пайдаланушының Құрылғысындағы файлдарға, сонымен қатар Пайдаланушының жеке кабинетіне қол жеткізе алмайды. Осы Келісім шеңберінде Провайдер Пайдаланушының сұратуымен төмендегі мүмкіндіктерге ие болады:

- тиісті құқығы жоқ тұлғалардың Құрылғыны пайдалану мүмкіндігін тыю мақсатында Пайдаланушының жоғалған Құрылғысын бұғаттауды жүзеге асыру;
- Пайдаланушының жоғалған құрылғысының орналасқан жерін анықтауға сұрату жіберу;
- Пайдаланушының жоғалған құрылғысының негізгі және/немесе маңдайалды камерасынан фотоқармауды жүзеге асыруға сұрату жіберу.

5.5. Пайдаланушы Провайдермен Қызметке қолдау көрсету қызметінің 8 800 0709089 нөмірлері бойынша Провайдермен телефон әңгімелерінің жазбаларын жүргізуге өз келісімін береді.

## **6. Мобильді қосымшаны пайдаланудың лицензиялық талаптары**

6.1. Мобильді қосымшаны жүктеу және оны Құрылғыға орнату Келісімнің барлық талаптарымен толық және сөзсіз келісетіндігінің растамасы болып табылады.

6.2. Мобильді қосымша Пайдаланушының оны Құрылғыға өз бетімен орнатуына арналған. Осы Келісім шеңберінде:

- Мобильді қосымшаның әрбір тіркелген үлгісі бір тіркелген Құрылғыға арналған.
- Пайдаланушыға Мобильді қосымшаны бірнеше Құрылғыға орнатуға болмайды, ол өзге Құрылғы үшін өзге үлгіні жүктеуі тиіс.
- Мобильді қосымшаны іске қосатын кезде Пайдаланушыға бір телефонға Мобильді қосымшаның көрсетілген нұсқасының бір (1) көшірмесін орнату мен пайдаланудың айрықша емес және өзгеге табысталмайтын лицензиясы беріледі. Лицензия Мобильді қосымшаны орнатып, тіркеген бір ғана Құрылғы үшін жарамды болып табылады.
- Мобильді қосымшаны өзге Құрылғыда қолдану үшін ол алдын ала орнатылған Құрылғыдан Мобильді қосымшаны алдын ала алып тастауы керек, сонымен қатар [www.beesafe.beeline.kz](http://www.beesafe.beeline.kz) сайты арқылы Пайдаланушының Жеке кабинетіндегі осы Құрылғы туралы ақпаратты жоюы тиіс.

6.3. Мобильді қосымша Интернетке және орналасқан жерін анықтау функциясына қосылып тұрған болса, қосымша орналасқан жері туралы деректерді ұдайы Провайдердің серверіне жіберіп отырады.

6.4. Провайдер Пайдаланушыға Мобильді қосымшаны пайдаланудың айрықша құқығын (қарапайым лицензия) келесі әдістермен ұсынады:

- Мобильді қосымшаны іске қосу, яғни оны осы Келісім аясында ғана бұдан әрі пайдалану үшін телефон жадысына жазу;
- Пайдаланушының құрылғысындағы, сонымен қатар Пайдаланушының бағдарламалық-аппараттық кешенінің құрамындағы Мобильді қосымшаны пайдалану, Пайдаланушының Құрылғысына орнату.

6.5. Мобильді қосымша «BeeSafe - Beeline абоненттері үшін телефондарды іздеу және қайтару» атауымен қолданылуы тиіс. Пайдаланушының Қосымшаның атауын өзгертуге, авторлық құқықты қорғау таңбасын және Құқық иеленушіге (Провайдерге) көрсететін басқа да мәліметтерді өзгертуге және/немесе алып тастауға құқығы жоқ.

6.6. Мобильді қосымшадағы «Қосу» батырмасын басқаннан кейін Пайдаланушының мобильді телефон нөмірінен 204 нөміріне тегін SMS-хабарлама автоматты түрде жолданады., бұл Қызметті іске қосқаныңыздың растамасы болады және Қызмет құнын тарифтеуді жүзеге асыру кезінде негіздеме ретінде қызмет етеді.

6.7. Осы Келісімнің талаптарын қабылдай отырып және Мобильді қосымшадағы Қызметті қосу рәсімін аяқтай отырып, Пайдаланушы өзінің Жеке кабинетінің иегеріне айналады. Пайдаланушының Интернет-сайттағы Жеке кабинетіне бірінші рет кіретін кезде Пайдаланушыға SMS-хабарлама арқылы алдын ала жолданған құпиясөзді өзгерту қажет, ал логин болып Пайдаланушының мобильді телефон нөмірі табылады. Пайдаланушы құпиясөздің және бүкіл сақталған, табысталған және алынған ақпараттың сақтандылығы үшін, Пайдаланушының есептік жазбасымен жасалған барлық іс-әрекеттер үшін жауап береді. Провайдер электронды пошта арқылы қауіпсіздіктің бұзылуы туралы хабарламаны

алмайынша Пайдаланушы кез келген рұқсатсыз пайдалану үшін жауапкершілік арқалайды.

6.8. Мобильді қосымшамен бірге қолданылатын тауар таңбалары, қызмет көрсету белгілері, суреттер мен логотиптер тіркелген тауар таңбалары болып табылады. Пайдаланушы жоғарыда аталған тауар таңбаларының кез келгеніне ешбір құқықты немесе лицензияны алмайды және Мобильді қосымшаға қосылуы мүмкін немесе болуы мүмкін кез келген иелік ету таңбаларын жоймауға, жасырмауға немесе өзгертпеуге міндеттенеді (тауар таңбалары мен авторлық құқықтар туралы хабарламаларды қоса алғанда).

## **7. Қызметтердің төлемақысы**

7.1. Қызметтердің құны Beeline ұсынатын байланыс қызметтері тарифтерінің қолданыстағы Прейскуранты, Көрсетілетін қызметтерге жеңілдіктер жүйесі туралы ереженің негізінде белгіленеді және Beeline-ң сайтында көрсетіледі.

7.2. Абонент күніне бір рет Контент-қызметтің құнын төлейді. Төлемақы қаражатты абоненттің мобильді шотынан алу жолымен жүргізіледі. «Стандарт» қызметтер жиынтығының құны күніне 30 теңгені құрайды. «Премиум» қызметтер жиынтығының құны күніне 35 теңгені құрайды.

7.3. Ұзақтығы 7 күнді құрайтын тегін сынақ кезеңімен Контент-қызметті қосатын кезде Контент-қызметтің құнын тарифтеу қосылған 8-күннен бастап жүзеге асырылады.

7.4. Абоненттің мобильді шотындағы қаражат Контент-қызметтің құнын төлеуге жеткіліксіз болған жағдайда 15 күнтізбелік күннің ішінде шот толықтырылып, Контент-қызметтің құны абоненттің мобильді шотынан есептен шығарылған жағдайда ғана контент-қызмет көрсетіледі. Егер Абонент мобильді шоттағы қаражат таусылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күннен 98 күнге дейінгі мерзім ішінде Контент-қызметтің құнын төлемейтін болса және осы ретте Абонентті қорғау нысаны жоғалып, табылып, Провайдерге табысталған болса, Абонентке Қорғау нысанын курьерлік жеткізу құнын өз бетімен төлеу ұсынылады.

7.5. Қызмет коммерциялық режимде ұсынылған сәттен бастап бір айдың ішінде ақша қаражатын Абоненттің жеке шотынан күнделікті теңдей үлестермен есептен шығару жолымен Қызметті тарифтеу жүргізіледі (тарифтеу басталған сәттен). Абонент Қызметті өшірмеген жағдайда Қызметтің әрекет етуі әрбір келесі айға автоматты түрде ұзартылып отырады. Абонент бұғатталған жағдайда (ішінара, күштеп, ерікті түрде, «SIM-картаны жоғалту» бойынша бұғаттау) Қызметті ұсыну және ол бойынша қаражатты есептен шығару мынадай түрде жүргізіледі:

7.6. Абонент Қызметтің қосылу мерзімі аяқталғаннан кейін Абоненттің жеке шотындағы ақша қаражаты осы қызмет мерзімін ұзарту төлемақысына жеткілікті болған жағдайда осы Келісімнің 7.2. т. көзделген тәртіппен ақша қаражатын есептен шығару және тарифтеуді жүзеге асыру арқылы қызметтің автоматты түрде ұзартылатындығымен келіседі.

7.7. Пайдаланушы іске қосылған Қызмет құнын төлемеген жағдайда Провайдер осы Келісімде көзделген қызметтерді ұсынуға міндетті емес.

## **8. Тараптардың жауапкершілігі**

8.1. Пайдаланушы Қызметті пайдаланған жағдайда Провайдерге тәулік бойғы тегін Қолдау көрсету қызметінің 8 800 070 9089 телефоны бойынша Құрылғының жоғалу фактісі туралы бірден хабарлауға міндетті.

8.2. Пайдаланушының Провайдерге Құрылғының жоғалу фактісі туралы хабарлауы осы Келісімнің 4-бөлімінде көрсетілген іс-әрекеттер үшін негіздеме болып табылады.

8.3. Осы Келісімнің талаптарын орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін Тараптар қолданыстағы заңнамаға сәйкес жауапкершілік арқалайды.

8.4. Тараптар еңсеруге келмейтін күш жағдайларының салдарынан, яғни Тараптардың еркінен тыс туындаған және қабылданған ақылға қонымды шаралар арқылы дер кезінде ескерту мүмкін болмаған жағдайлардың салдарынан осы Келісім бойынша міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Тараптар еңсеруге келмейтін күш жағдайлары деп соғысты, соғыс әрекеттерін, табиғи апаттарды, жарылыстарды, ереуілдерді, міндеттерді орындауға әсер ететін билік органдарының актілерін, сонымен қатар соттық тексеріс барысында еңсеруге келмейтін күш жағдайлары деп мойындалатын басқа да оқиғалар мен жағдайларды түсінеді. Қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес тиісті болып есептелетін құжат осындай жағдайлардың туындағанын растайтын құжат болып табылады.

8.5. Провайдер де, Тапсырыс беруші де Пайдаланушының Құрылғыға осы Мобильді қосымшамен үйлеспейтін операциялық жүйемен басқарылатын Мобильді қосымшаны орнатуына жауап бермейді.

## **9. Дауларды шешу**

9.1. Тараптар осы Келісімді орындау барысында туындайтын барлық даудың тараптар арасында еріктілік пен өзара түсіністік негізінде келіссөздер жолымен шешілетіндігі туралы келісімге келді.

9.2. Пайдаланушының Операторға немесе Провайдерге қатысты кінәраттары туындаған жағдайда Пайдаланушы Оператордың атына кінәрат мазмұнын көрсете отырып, сәйкес өтінішті береді. Оператор немесе Провайдер Пайдаланушыдан кінәрат келіп түскен күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Пайдаланушының өтінішіне жауап беруге міндетті.

9.3. Дауларды келіссөздер барысында шешу мүмкін болмаған жағдайда Тараптар арасындағы дау қолданыстағы заңнамаға сәйкес сот тәртібімен шешіледі.